

Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 наурыздағы N 202 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

Министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі қызметін ведомствоаралық үйлестіруді күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

3

наурыздағы

N 202 қаулысына қосымша

Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

Есімов

- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

Ахметжан Смағұлұлы

министрі, төраға

Айтжанов	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Дулат Нулиұлы	шаруашылығы вице-министрі, төрағаның
орынбасары	
Тұрымбаев	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Сергей Тұрымбайұлы	министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің бөлім бастығы, хатшы	
Дауылбаев	- Қазақстан Республикасы Бас прокурорының
Асхат Қайзоллаұлы	орынбасары (келісім бойынша)
Ыбырайымов	- Қазақстан Республикасы Экономикалық
Рүстем Әнуарұлы	қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күрес агенттігі (қаржы полициясы)	
төрағасының бірінші орынбасары	
Берқалиев	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
Құсайын Иманғалиұлы	комитетінің Шекара қызметі директорының
бірінші орынбасары - Бас штаб бастығы	
(келісім бойынша)	
Сұнтаев	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Тілеген Иматұлы	Кедендік бақылау комитеті төрағасының
орынбасары	
Саданов	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Амангелді Құрбанұлы	министрлігі "Биологиялық зерттеулер
орталығы" республикалық мемлекеттік	
кәсіпорнының бас директоры	
Хадыркеев	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Наурызбай Абдулбахиұлы	министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің төрағасы	
Сыздықов	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Нұрлан Нұрмахамбетұлы	министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті
төрағасының бірінші орынбасары	
Петров	- Қазақстан Республикасының Төтенше
Валерий Викторович	жағдайлар вице-министрі
Сәрсембаев	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны
Зейнолла Сәкенұлы	қорғау вице-министрі
Тоқсайытов	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Қанат Тәупекұлы	министрлігі Әкімшілік полициясы комитетінің
төрағасы	
Қанатов	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Сәбит Сарқытұлы	Салық комитеті төрағасының орынбасары

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1169 ,
2006.07.06. N 639 қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 0 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес
және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық
әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссия
туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , заңдарын, Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережені (бұдан әрі - Ереже) басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеті министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Комиссияның функциялары:
өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзылушылықтың жолын кесу;
ормандарды өрттерден қорғаудың жай-күйі және олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғаудың, өсімін молайтудың және

п а й д а л а н у д ы ң

ж а й - к ү й і ;

қоршаған орта жағдайларын жақсартатын өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау;

өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру, қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасын жалпы жұрт қабылдаған халықаралық талаптармен сәйкестендіру;

өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманың бұзылу себептерінің туындауы мен жасалу жағдайлары ж ә н е о л а р д ы ж о ю ;

заңсыз ағаш кесуді және сүрек пен жануарлардан алынған өнімдерді Қазақстан Республикасына контрабандалық жолмен әкелуді және одан тысқары жерлерге әкетуді болдырмау, сондай-ақ ірі орманды-дала өрттерін сөндіру жөніндегі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларының кешенді жоспарларын іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

5 . К о м и с с и я н ы ң :

табиғат пайдалану мәселелерімен айналысатын және өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуына жауапты орталық және облыстық атқарушы органдардың, мемлекеттік табиғат қорғау мекемелерінің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларын комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша комиссия отырысына шақыруға және оларды тыңдауға;

заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан комиссия функцияларын іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны төраға басқарады.

7 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.06. N 639 қ а у л ы с ы м е н .

8. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссия жүзеге асыратын қызмет, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру үшін және комиссия әзірлейтін шешімдер үшін қолданыстағы

заңнамаға сәйкес дербес жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасар орындайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.06. N 639 қаулысымен .

9. Комиссия төрағасының орынбасары төраға болмаған уақытта оны алмастырады .

10. Комиссияның хатшысы отырыстың күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және ол өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді .

Хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.06. N 639 қаулысымен .

11. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі .

12 . алынып тасталды

Ескерту. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.06. N 639 қаулысымен .

13. Комиссия шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және олар үшін комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып саналады. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады .

14. Комиссия мүшелері алмастыру құқығынсыз оның қызметіне қатысады және шешімдер қабылдау кезінде тең дауыстарға ие болады. Дауыстар тепе-тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.06. N 639 қаулысымен .

15. Комиссия шешімі Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарына және ұйымдарға комиссия отырыстарының хаттамалары түрінде жеткізіледі.

16. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

Комиссияның жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.06. N 639 қаулысымен.

5. Комиссия қызметін тоқтату

17. Комиссия өзінің қызметін:

бұдан бұрын комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган немесе өзге комиссия құрылған;

комиссия міндетін орындауға болмайтын не оны орындауды қажетсіз болып табылатын өзге де жағдаяттар туындағанда тоқтатады.

18. Комиссия қызметін тоқтатуға әкеп соқтыратын осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген жағдаяттар туындаған кезде жұмыс органы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен Үкімет шешімінің тиісті жобасын Үкіметке енгізеді.